

"Акцияларының бақылау пакеттері мемлекетке тиесілі мемлекеттік кәсіпорындарды, акционерлік қоғамдарды және олардағы мемлекеттік қатысу үлестерінің мөлшері қатысушылардың жалпы жиналысының шешімін анықтауға мемлекетке мүмкіндік беретін жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерді оңтайландыру мақсатымен олардың әкімшілік шығыстарының мониторингін жүргізу тетігін анықтау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 10 ақпандағы № 145 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 7 қыркүйектегі № 525 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Акцияларының бақылау пакеттері мемлекетке тиесілі мемлекеттік кәсіпорындарды, акционерлік қоғамдарды және олардағы мемлекеттік қатысу үлестерінің мөлшері қатысушылардың жалпы жиналысының шешімін анықтауға мемлекетке мүмкіндік беретін жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерді оңтайландыру мақсатымен олардың әкімшілік шығыстарының мониторингін жүргізу тетігін анықтау туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 10 ақпандағы № 145 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2003 ж., № 7, 73-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақтың 3) тармақшасының екінші және үшінші абзацтары мынадай редакцияда жазылсын:

«бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган айқындайтын мемлекеттік органдарға көлік қызметін көрсету үшін қызметтік автомобильдердің тиістілік нормативіне ұқсас акционерлік қоғамдардың және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің (мемлекеттік кәсіпорындардың) қызметтік автомобильдерінің тиістілік нормативтеріне;

бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган айқындаған мемлекеттік органдардың аппаратын орналастыруға арналған алаңдардың нормаларынан аспайтын мөлшерде акционерлік қоғамдардың және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің (мемлекеттік кәсіпорындардың) әкімшілік аппараттарын орналастыруға арналған алаң нормаларына;» .

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

*Қазақстан Республикасының
К.Мәсімов*

